

АҒЫН СУ –
АГРАРЛЫҚ
ӘЛЕУЕТТІҢ ӨЗЕГІВЕТЕРИНАРИЯ
БҮКІЛ
АДАМЗАТТЫ
ЕМДЕЙДІ

НАҒЫЗ ҚАЗАҚ

→ 2

→ 4

→ 3

МЕРЕЙ



ҚОС САЛА ӨКІЛДЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Шілде айының алғашқы онкүндігінде атап өтілетін Су шаруашылығы және Ветеринария қызметкерлерінің кәсіби мерекелеріне орай аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы аталған сала қызметкерлерін салтанатты жағдайда қабылдады. Бұл шара – ел игілігі үшін аянбай еңбек етіп жүрген жандардың қажырлы қызметіне құрмет көрсету.

Аружан КҮНТУБАЙ



Мерекелік жиында мал шаруашылығын өркендету және су жүйесін кеңейту бағытында еселі еңбек еткен мамандардың атқарған қызметтері жоғары бағаланып, бірқатар қызметкерге аудан әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттары табысталды.

Бүгінде аудан көлемінде осы салаларда жүйелі жұмыстар атқарылып келеді. Ветеринария саласының қызметкерлері жұппалы аурулардың алдын алу бағытында кешенді шаралар жүргізіп, шалғай ауыл тұрғындарына уақтылы көмек көрсетіп жүрсе, су шаруашылығы мамандары су көздерін тиімді пайдалану бағытында табанды еңбек етіп жүр. Аудан басшысы елге елеулі, халыққа қалаулы қос саланың майталман мамандарын кәсіби мерекелерімен құттықтап, олардың өлшеусіз еңбектеріне алғыс білдіріп, ізгі тілегін арнады.



– Ардақты сала ардагерлері мен абыройлы еңбек иелері! Сіздерді ел игілігі жолында елеулі еңбек етіп жүрген қос бірдей маңызды сала – Су шаруашылығы қызметкерлері мен Ветеринария мамандарының кәсіби мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл екі сала – ауыл шаруашылығының ажырамас бөліктері. Бірі – елдің тіршілігіне қан жүгіртіп тұрған су көздерін басқарса, екіншісі – халқымыздың

ырыс-берекесінің бастауы саналатын төрт түліктің амандығын қадағалап, жұппалы аурулардың алдын алу жолында тер төгуде. Бұл мамандықтар – көрінбейтін, бірақ ел өмірінде аса маңызды жауапкершілікті арқалаған қызмет.

Су – табиғаттың ең бағалы байлығы, ал оны ұқыпты пайдалану – нағыз шеберлікті, кәсіби білім мен білікті қажет ететін күрделі іс. Бүгінде сіздердің тынымсыз еңбектеріңіздің арқасында ауданымызда су ресурстары

тиімді әрі ұтымды пайдаланылып келеді. Бұл бағыттағы жұмыстар тек қана инфрақұрылым емес, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға да тікелей әсер ететіні сөзсіз.

Ал ветеринария саласының мамандары – ел амандығы үшін күресіп жүрген көрінбейтін майданның қаһармандары. Мал індеттерінің алдын алу, санитарлық бақылау, эпизоотиялық тұрақтылықты сақтау – күнделікті міндеттеріңіз. Сіздер атқарып отырған адал еңбек – халықтың азық-түлік

қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, мал шаруашылығын дамытуда аса маңызды рөл атқарады.

Қиын-қыстау кезеңде де қаймықпай, ел алдындағы міндетті абыроймен атқарып келесіздер. Әрбір таңды қызметпен қарсы алып, ел игілігіне үлес қосып жүрген сіздерге қандай мақтау айтсақ та артық емес.

Осы кәсіби мерекеледе баршаңызға зор денсаулық, қажымас қайрат, еңбектеріңізге береке, отбасыларыңызға амандық, шаттық тілеймін. Сударымыз тартылмасын, төрт түлігіміз аман болсын! Еңбектеріңіздің жемісін көріп, елдің ықыласына бөлене беріңіздер. Туған өлкенің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып жүрген барша мамандарға шынайы алғыс білдіре отырып, әрдайым жақсылықта, жарқын істерде жүздесе берейік, – деді аудан басшысы.

Ізгі тілектен соң сала үздіктеріне абыройлы еңбектерін бағалап, лайықты бағасын берді.

Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін Су шаруашылығы мен Ветеринариялық сала қызметкерлері Ербол Парманов, Бағлан Әбдікерім, Дәурен Шамгунов, Төрехан Балтаев, Есет Құдайбергенов Құрмет грамотасымен марапатталса, Ерболат Әріпов, Аязбек Көсембаев, Қыдырбек Қанарбек, Алмас Толқымбек, Рауан Жұмәділге Алғыс хаттар табысталды. Марапаттау сәті салтанатты көңіл күймен жалғасып, сала мамандары үлкен қуаныш пен шаттыққа бөленіп, аудан басшысымен естелік суретке түсті.

АУДАН ӘКІМДІГІНДЕ



ӘРБІР ЖЕР ТЕЛІМІН МАҚСАТТЫ ПАЙДАЛАНУ МАҢЫЗДЫ

Жергілікті халықтың баспана мәселесін шешу – мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі. Осы орайда тұрғындарға үй салуға арналған жер телімдерін беру жұмыстары жүйелі түрде жүзеге асуда. Алайда, бөлінген жерлердің тиімді пайдаланылуы, инфрақұрылыммен қамтылуы және нақты игерілуі күн тәртібінен түскен емес.

Мақсат ЖҰМАБАЕВ



Аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлының төрағалығымен өткен кезекті аппараттық кеңесте осы мәселе бойынша аудан әкімдігі сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің басшысы Жақсыбек Исаков баяндады.

– Жамбыл ауданы аумағында 7 елді мекеннің жаңа тұрғын алқаптарын инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым желілерімен қамтамасыз ету мақсатында 22 нысанның құрылысына бүгінгі күнге дейін мемлекет бюджетінен барлығы 3 млрд 828 млн 596 мың теңге қаражат бөлінген. Оның ішінде республикалық бюджеттен – 2 млрд 352 млн 950 мың теңге, облыстық бюджеттен – 337 млн 250 мың теңге, аудандық бюджеттен – 1 млрд 63 млн 137 мың теңге.

2021 жылы 6 елді мекенде (Бірлесу-Еңбек, Тастөбе, Айшабibi, Бектөбе, Қызылқайнар, Шәкен Ниязбеков ауылдары) 1053 жер телімі, ал 2022 жылы Аса ауылында 811 жер телімі кезекте тұрған азаматтарға таратылған. Барлығы 1864 жер телімі берілді. Алайда

бүгінгі күнге дейін тек 1069 тұрғын үйдің ғана құрылысы басталған. Бұл жалпы санының 57,35 пайызын құрайды.

Айта кету керек, Бектөбе ауылынан берілген 143 жер учаскесі Тараз қаласының аумағына өткен.

Бірлесу-Еңбек ауылынан 130 жер телімі берілген. Комиссия қорытындысын алғандары – 130, жерге орналастыру жобасын әзірлегендер – 110, жер теліміне шешім шыққандар – 101.

Қазіргі таңда берілген жер телімі бойынша 5 үйдің шатыры жабылып, 4 үйдің қабырғасы қаланды. Сонымен қатар 18 үйдің іргетасы құйылған, 5 жер теліміне тас төселіп, 5 жер телімі жеке меншікке шешім шыққан, 39 жер телімінің мерзімі өткен, – деген Жақсыбек Сағымбекұлы қалған ауылдардың да инфрақұрылымдық жағдайы туралы егжей-тегжейлі мәлімдеп, өз ұсынысын жеткізді.

– Жаңа тұрғын алқаптардағы құрылыс қарқынының төмендігін ескере отырып, ауылдық округ әкімдіктері тарапынан жер телімін алған азаматтармен нақты жұмыс жүргізіп, құрылыс жүргізілмеген және мерзімі өткен телімдерді заң талаптарына сәйкес кері қайтарып, кезектегі азаматтарға қайта беру



жұмыстарын жандандыру қажет деп есептеймін.

Сонымен қатар, аталған тұрғын алқаптарда мердігерлерден қабылданған нысандардың сынақ хаттамаларының мерзімі өтуіне байланысты оларды жаңарту, қызмет көрсетуші мекемелермен келісімшарт жасасу, сондай-ақ мемлекеттік мүліктерді сақтау мақсатында күзет қызметін ұйымдастыру мәселелері де назарға алынса, дұрыс болар еді. Өйткені, алқаптарда қараусыз қалған мүліктердің қолды болу фактілері орын алуда, – деді баяндамашы.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Ақбастау ауылдық округінің әкімі Нұрсұлу Дүзеева қосымша хабарлама жасады.

→ 2

ТҰРҒЫНДАР КӨТЕРГЕН МӘСЕЛЕ



Қоғамдық көлік – қала тіршілігінің күретаымыры! Өткен жылдан бері Таразда қоғамдық көліктердің санын арттыру, жаңарту бойынша ауқымды жұмыстар қолға алынған. Бұл бағыттағы үш жылдық жоспар екі жылда орындалды.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ШАҒЫМ КӨП

Дегенмен, жыл басында Тараз қаласына қосылған он төрт елді мекеннің тұрғындары тарапынан соңғы кездері шағым жиілеген. Осы орайда облыс әкімі Ербол Қарашөкеев тасымалдың жай-күйімен танысу үшін қала әкімі Бақытжан Орынбековпен бірге екі бағыттағы қоғамдық көлікке мініп, тұрғындармен тілдесті.

Талас станциясынан бастап (№62 маршрут) қозғалған алғашқы бағытта облыс басшысы қоғамдық көліктің сапасы, қозғалыс жиілігі мен халықтың жолға жұмсайтын уақыты жөнінде жолаушылардың пікірін тыңдады. Жолаушылар уақыт жиілігі көңілден шықпайтынын, аялдамалар салу, осы бағыттағы автобустардың санын арттыру мәселелерін көтерді. Келесі кезекте аймақ басшысы Қызыл Жұлдыз (№1 маршрут) елді мекеніне қатынайтын автобуска мініп, бұл бағыттағы ахуалды да бағамдады.

Ондағы көліктер ескі, тар, халыққа ыңғайсыз екені анық байқалды. – Тұрғындар орынды мәселе көтеріп отыр. Жақында сатып алынатын автобустарды бірінші кезекте осы мәселелерді шешуге, көлік тапшылығы қатты сезілетін аумақтарға беру қажет. Тозығы жеткен аялдамаларды реттеу маңызды, – деген облыс әкімі қала басшылығына нақты тапсырмалар жүктеді.

Айта кетейік, өткен жылы қаладағы автобустар саны 330-дан 437-ге дейін, күнделікті қызмет көрсетуге шығатын автобустар саны 270-тен 360-қа дейін артты. Жалпы, 2023 жылдан бүгінге дейін Тараздағы қоғамдық көлік парктері 290 жаңа заманауи автобуспен толыққан. Быылғы жылдың соңына

дейін тағы 70 автобус жеткізіледі деп жоспарлануда. Ол бойынша тұрғындар сұранысына сәйкес жаңа маршруттар ашылып, қаланы қоғамдық көлікпен қамту мәселесі толықтай шешілмек. Облыс әкімі Ербол Қарашөкеев Тараз қаласын аралау барысында Әулиеата ауданына қарасты «Шайқорық» алқабындағы көтерме көкөніс сақтау қоймасының жұмысымен танысты. Ол көкөніс сақтау қоймалары баға тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды тетігі екенін алға тартып, кәсіпкердің бастамасына алғыс білдірді.

– Өнімді ұзақ мерзімге сақтауға мүмкіндік беретін қоймалар арқылы маусымаралық кезеңде азық-түлік бағасының күрт өзгеруінің алдын алуға болады. Біз мұндай қойма салуға ниетті кәсіпкерлерге жан-жақты қолдау көрсетуге дайынбыз, – деді облыс әкімі.

Өңір басшысы ардагерлердің игілігі үшін бой көтерген Белсенді өмір сүру орталығын да аралап көрді. Мердігер мекемеге құрылыс жұмыстарын сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқтау тапсырылды.

Облыс әкімінің
баспасөз қызметі.



АУДАН ӘКІМІ – ІС БАСЫНДА

Ауыл шаруашылығын дамытудың басты тетіктерінің бірі – уақтылы әрі тиімді суармалы жүйелерді іске асыру. Әсіресе, егістік пен бау-бақшаны сумен қамту – өнім көлемі мен сапасын айқындайтын негізгі фактор. Осы орайда аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы бірқатар ауылдық округтердегі ирригациялық жағдаймен танысып, жергілікті шаруалармен пікірлесті.

АҒЫН СУ – АГРАРЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІҢ ӨЗЕГІ

Атап айтқанда, аудан басшысы Ақбастау ауылдық округіндегі «Қошан» және «Мейірман» каналдары арқылы ағын судың жету барысын көзбен көріп, шаруалармен кездесті. Ауыл тұрғындары мен дикандар су көзінің негізгі бастауларындағы шлюз (бекітпе) құрылғыларын қайта қалыпқа келтіру қажеттігін алға тартып, бұл мәселені шешу аясында ұсыныстарын жеткізді. Сонымен қатар, бау-бақшалар мен егістік алқаптарына су жеткізу жолдарын тиімді ету бағытында нақты ұсыныстар берілді.

Мұнан бөлек, Ерлан Қыдыралыұлы Көлқайнар және Қарасу ауылдық округтеріндегі «Ташарық», «Ташарық-1», «Кейкі» каналдарының да жай-күйін арнайы барып зерделеді. Каналдардың тозу деңгейі, су өткізу жағдайы және шаруаларға көрсетіп отырған пайдасы кеңінен сараланып, алдағы уақытта жүргізілетін жөндеу, тазалау жұмыстарының бағыт-бағдары пысықталды.

Аудан басшысы мұндай



кездесулердің басты мақсаты – шаруалардың күнделікті күйіп тұрған мәселесін дер кезінде тыңдап, нақты шешім қабылдау екенін атап өтті. Ағын су мәселесі тек шаруашылық қана емес, әлеуметтік тұрақтылық пен азық-түлік қауіпсіздігінің де негізгі іргетасы екені айтылды. Жалпы, аудан әкімдігі тарапынан

ирригациялық жүйелерді жаңғырту бағытында кезең-кезеңімен кешенді жұмыстар атқарылып келеді. Алдағы уақытта тиісті жобалар аясында ауылшілік каналдарды жөндеу мен су жеткізу инфрақұрылымын жақсарту жұмыстары жалғасын табатын болады.

Ақжігіт ЖЕТПІСБАЙ,
аудан әкімінің баспасөз хатшысы.

ДІННІҢ ТҰРСЫН ДІН АМАН

Жастар жат ағымға бой алдырмасын



Қазақ елі – түркі текті, ислам дінін ұстанатын, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін сақтай білген ұлт. Исламға дейін түркілердің сенімі көк тәңірлік болды. Көк тәңірлік сенімнің қасиетті кітабы, пайғамбары, тарихи жазба деректері болмаса да, түркі текті ұлттардың салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары болды. Сол әдет-ғұрыптар қазіргі уақытта да тұрмыстық жағдайда қолданылып келеді.

Салт-дәстүр, әдет-ғұрып құндылықтар қазақ елін өзіндік ұлттық негізімен ерекшелендіріп тұрғанын есте ұстаған жөн. Сондай түркілік дәуірден бері сақталып келе жатқан дәстүрлердің бірі – жеті атаға дейін қыз алыспау, беташар, сәлем салу, қыз ұзату, қайтқан кісінің жетісі, қырқы, жылдығы, ас беру секілді тәрбиелік мәні зор дәстүрлер. Аталған дәстүр мен әдет-

ғұрыптар Ислам шариғатына қайшы келмейді. Яғни қазақ халқында Ислам дініне қайшы келетін бірде-бір дәстүр, әдет-ғұрып жоқ екенін түсінген жөн.

Өкінішке орай, қазіргі уақытта көп жас арабтың дәстүрін дін деп қабылдап, арабтар сияқты өмір сүргісі келіп, солар сияқты қара түсті никаб, паранжа киіп жүргені қынжылтады. Бұдан басқа да кейбір жастарымыз

әрнәрсеге еліктеп, діннің қасиетін, мәдениетіміздің шырқын бұзуда. Жекелеген жастар діннің не екенін білмей, ұлттық құндылықтарымызды кәдірлемей, жат ағымның жетегінде кетіп жатқандар қаншама.

Осыған орай жақында Көлқайнар ауылдық округі әкімі аппаратының ұйымдастыруымен «Жат ағымнан сақтанайық» тақырыбында ауыл тұрғындары мен жастар арасында танымдық кездесу өтті.

Шараның негізгі мақсаты – жастардың діни сауаттылығын арттыру, теріс діни идеологияның алдын алу және рухани тәрбие беру. Басқосуға ауыл тұрғындары, жастар және мешіт имамы қатысты.

Кездесу барысында ауыл имамы Мұзафар Абитов жат ағымдардың қоғамға тигізер зиянына тоқталды. Ол жастарға дұрыс бағыт-бағдар беріп, дәстүрлі ислам құндылықтарын дәріптеу қажеттігін жеткізді. Сонымен қатар, кез келген күмәнді діни ақпарат көздерінен аулақ болуға, діни білімді тек ресми, сенімді орындардан алуға шақырды.

Кездесу еркін пікір алмасу форматында өтті. Жастар көкейлеріндегі сауалдарын қойып, тұшымды жауаптар алды.

Мұндай тағымды кездесулер алдағы уақытта да жалғасын таппақ.

Ақмарал ЖОЛТАЕВА,
Көлқайнар ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ – ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ

ШАҢҰАҚТЫҢ ШАЙҚАЛУЫНА НЕ СЕБЕП?

Қоғамның іргетасы – отбасы. Бұл киелі ұғым әр адамның жүрегіндегі ең қасиетті дүниелердің бірі екені сөзсіз. Дегенмен, қазіргі таңда барша отбасыларда бақыт пен береке орнап отыр деу қиын. Қоғамдағы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар отбасы құндылықтарының екінші орынға ысырылуына себеп болуда. Рухани байлықтың орнын материалдық мүдде басты. Мұның салдары отбасылық қатынастардың әлсіреуіне алып келді. Осыдан-ақ «Сананы тұрмыс билейді» деген қағиданың әлі де өзектілігін аңғаруға болады.

Отбасындағы кикілжіңдердің басты себебі – күнкөрістің қиындығы. Ер-азаматтың жауапкершіліктен жалтаруы, ананың мейірімге селқостығы, тәрбие мен түсіністіктің жетіспеуі көптеген шаңырақтың шайқалуына себеп болуда. Жыл сайын артып отырған ажырасу көрсеткіші – отбасылық мәдениеттің әлсірегенінің көрінісі. Мұндай жағдайда ең алдымен балалар зардап шегетіні белгілі.

Мемлекетімізде отбасы институтын нығайту, бала құқығын қорғау және тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресу – басты міндеттердің бірі. Зорлық-зомбылық тек денеге зақым келтіру емес, ол – жан жарасы. Оның ең ауыры – жақындарынан көретін қысым. Ерлі-зайыптылар арасындағы түсініспеушілік, отбасылық жанжал – бала психикасына кері әсер ететін факторлар.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған Жолдауында тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жазаны күшейтуді тапсырды. Бұл – қоғам қауіпсіздігі мен отбасылық тұрақтылықты қамтамасыз етудегі маңызды қадам. Әйелдер мен балаларға қарсы жасалатын қысымға қоғам болып қарсы тұру – ортақ міндет.

Статистика бойынша, балаға жасалатын зорлықтың негізгі себептері – ішімдікке салыну, нашакорлық, ата-аналар арасындағы тұрақсыз қарым-қатынас. Қазіргі таңда баланы ұрлап әкету, заңсыз еңбекке тарту, тіпті адам мүшесін саудалау сияқты ауыр қылмыстар да тіркелуде. Мұндай қылмыстың құрбаны болған бала қорқып, болған жайтты айтуға именеді, бұл өз кезегінде жағдайды одан әрі ушықтыра түседі.

«Бала – елдің болашағы» екенін

ескерсек, олардың өмірі мен қауіпсіздігі үшін әрбір азаматтың жауапты екенін ұмытпаған жөн. Бала – отбасындағы тәрбиенің айнасы.

Қазақ халқы «Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дейді. Сол себепті бала тәрбиесін түзету ата-ананың өзінен басталуы тиіс. Осы бағытта елімізде ағымдағы жылдың 30 маусымы мен 30 шілде аралығында «Мерейлі отбасы – әділетті қоғам» атты республикалық акция өтуде. Шараның мақсаты – ерте жүктіліктің, ажырасудың және жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын алу. Акцияға ақсақалдар мен билер кеңесі, аналар кеңесі, этномәдени бірлестіктер, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау салаларының мамандары және үкіметтік емес ұйым өкілдері атсалысуда.

Бүгінгі ұрпақ – ертенгі ел тірегі. Бір-бірімізге қоғам болып қолдау жасаумен қатар, ішкі жан дүниемізді мейірім мен махаббатқа толықтырсақ, елімізде зорлық-зомбылықсыз жарқын болашақтың негізі қаланады.

Динара ҚАЛИЕВА,
аудан әкімдігі жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі «Отбасын қолдау орталығының» маманы.

Соңы. Басы 1-бетте

ӘРБІР ЖЕР ТЕЛІМІН МАҚСАТТЫ ПАЙДАЛАНУ МАҢЫЗДЫ

– 2021 жылдың қазан-қараша айларында Бірлесу-Еңбек ауылының бас жоспары бекітілгеннен кейін жер кезегінде тұрған азаматтарға өзіндік қосалқы шаруашылық жүргізу үшін көлемі 0,09 гектар болатын жер телімдері уақытша өтеулі жер пайдалану құқығымен үш жылға берілді. Бұл мәселе аудандық жер комиссиясында қаралып, нәтижесінде 130 азаматқа оң қорытынды шығарылған болатын.

Аталған тұрғын алқапқа инфрақұрылым тарту мақсатында жалпы көлемі 7,938 гектар жер телімі бөлініп, оның ішінен 0,8933 гектар электр желісі, 0,6675 гектар газ жүйесі, 5,2746 гектар қиыршық тас жол және 1,1026 гектар су жүйесіне арналған. Құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін нысандар тиісті заңнамаға сәйкес округ тенгеріміне өткізілді.

Нақты айтқанда, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы №97/НҚ және №98/НҚ, сондай-ақ 2022 жылдың 5 қыркүйегіндегі №56 бұйрықтарға сәйкес, құны 356 миллион теңгеден асатын электр, газ, су және жол инфрақұрылымдары «Жамбыл ауданы Ақбастау ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тенгеріміне беріліп, Әділет басқармасында тіркелді.

2022 жылдың қазан айында округ әкімдігі аудандық жер комиссиясына арнайы хат жолдап, тұрғын үй инфрақұрылымына бөлінген жерлерге тұрақты жер пайдалану құқығын беру туралы келісім алды. Комиссияның оң қорытындысы негізінде 2023 жылдың 10 шілдесінде аталған жер телімдері округ тенгеріміне заңды түрде рәсімделді.

Жер телімдерін тарату жұмыстары да кезең-кезеңімен атқарылды. 2021 жылдың соңынан бастап 2022 жылдың бірінші тоқсаны аралығында 130 азаматқа жер телімі берілді. Оның ішінде 110 азамат комиссия қорытындысын алса, 101 азаматқа ресми шешім шықты. Кейбір азаматтар жерден өз еркімен бас тартып, телімдер ауылдық округтің балансына кері алынып, кезекте тұрған келесі азаматтарға берілді.

Округ әкімдігінің қолдауымен және тиісті рәсімдерден кейін 2022 жылы – 93, 2023 жылы – 6, 2024 жылы 1 шешім қабылданып, барлығы 100 азаматқа жер пайдалану құқығы рәсімделді. Сонымен қатар, шешімдердің үш жылдық мерзімі 2025 жылдың бірінші тоқсанынан бастап кезең-кезеңімен аяқталуда. Осыған байланысты 10 жер телімі округ есебіне кері қайтарылды.

Қазіргі таңда 10 азамат жерге орналастыру жобасын әзірлеп, оны бекіту бойынша жұмыстарын жалғастыруда. Алайда 20 азамат өздеріне берілген құқық аясында ешқандай әрекет жасамаған. Бұл азаматтардың қолындағы комиссия қорытындысының мерзімі өтіп кеткен. Осыған орай, әкімдік тарапынан түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, кейбірі мерзімін ұзарту туралы өтініш жазып, аудандық жер комиссиясы арқылы мерзімдерін ұзартып алу мүмкіндігіне ие болды.

Жер телімдері берілген аумақта бүгінде құрылыс жұмыстары да жандана бастады. Атап айтқанда, 15 үйдің құрылысы басталып, 5-еуінің шатыры жабылған. Бұдан бөлек, 16 үйдің іргетасы құйылып, 2 телімге құрылыс материалдары жеткізілген.

Бүгінгі күнге округ бойынша жер кезегінде тіркелген азаматтар саны Бірлесу-Еңбек ауылы бойынша – 44, ал Шоқай ауылы бойынша 85 адамды құрайды.

Ақбастау ауылдық округінде тұрғын үй құрылысына арналған жер телімдерін тарату, инженерлік инфрақұрылымды қалыптастыру және заңдастыру жұмыстары өз деңгейінде жүзеге асырылып келеді. Алдағы уақытта да жер телімдерінің тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жалғаса бермек, – деді Нұрсұлу Лутфуллказы.

Сондай-ақ осы тұрғыда атқарылған жұмыстарды Айшабибі ауылдық округінің әкімі Дәрмен Дәулетов баяндады.

– Айшабибі ауылдық округі, құрамында Бәйтерек ауылының қоса алғанда, бүгінде 1230 аулада 6215 тұрғынға мекен болып отыр. Жалпы жер көлемі 65544 гектарды құрайды. Оның ішінде 47359 гектар ауыл шаруашылығы жері болса, 8220 гектары – егістік, 4537 гектары – суармалы, ал 3507 гектары – суарылмайтын алқаптар. Сондай-ақ округ

бойынша 37961 гектар жайылым, 3095 гектар елді мекен аумағы, 135,83 гектар өзге мақсаттағы жерлер бар.

Округ бойынша өзіндік қосалқы шаруашылық жүргізу үшін жер телімдерін беру жұмыстары 2010 жылдан бастап жүзеге асырылып келеді. Айшабибі ауылының бас жоспарына сәйкес бүгінгі күнге дейін 382 азамат жер комиссиясынан жер телімін уақытша пайдалануға беру туралы оң қорытынды алған. Оның ішінде 370 азамат жерге орналастыру жобасын әзірлеген, ал 367 азаматқа жер телімін беру туралы ресми шешім қабылданған.

Қазіргі таңда 302 жер телімінде тұрғын үй құрылысы жүргізілуде. Нақты айтқанда, 185 үйдің шатыры жабылған, 68 үйдің қабырғасы қаланып, 46 үйдің іргетасы құйылған. Ал, 3 жер теліміне құрылысқа арналған материалдар жеткізілген. Қалған 81 жер телімінің пайдалану мерзімі бойынша 5 телім – 2027 жылы, 7 телім – 2026 жылы, 69 телім 2025 жылдың соңына дейін уақыты бар.

Қазіргі күні 87 жер телімі құрылысты қабылдау актісіне сәйкес жеке меншікке рәсімделген. Сонымен қатар 43 азаматқа құрылыс нысаны болуына байланысты пайдалану мерзімі ұзартылған. Бұл жұмыстар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және құрылыс бөлімінің ұсынысына сәйкес жүргізілген.

Мерзімі өтіп кеткенімен, құрылыс басталған 11 жер телімінің иелеріне де аудандық жер комиссиясының шешімімен 1 жылға уақытша пайдалану құқығы ұзартылды.

Жаңа тұрғын үй алқаптарындағы электр және газ жүйелерінің техникалық ақаулары анықталып, тиісті зерделеу жұмыстары жүргізілген. Нәтижесінде, тиісті мамандар тарапынан ақаулық актілері толтырылып, қалпына келтіру жұмыстары арналған сметалық жобалар әзірленген. Ақау актісіне сәйкес сметалық құны – 6850000 теңге.

Тұрғындар тарапынан бұл инфрақұрылымдық мәселелер бойынша өтініштер жиі түсуде. Осыған байланысты округ әкімдігі бұл жұмыстарға қажетті қаражатты қарастыруды және тиісті органдар тарапынан қолдау көрсетуді сұрайды.

Айшабибі ауылдық округінде тұрғын үй мақсатында жер теліміне мұқтаж азаматтар саны артуда. Бүгінгі таңда округ бойынша 3426 адам жер кезегінде тұр. Оның ішінде Айшабибі ауылы бойынша – 2296 азамат, Әулікөл ауылы бойынша – 164, Қаратау ауылы бойынша 95 азамат тіркелген.

Айшабибі ауылдық округінде тұрғын үй құрылысына арналған жер телімдерін беру, заңдастыру және инфрақұрылым тарту бағытындағы жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Алдағы уақытта құрылыс жұмыстарының көлемі одан әрі артып, инженерлік жүйелер толық қалпына келтірілсе, ауыл азаматтарының баспана мәселесі біртіндеп шешімін табатыны сөзсіз, – деді Дәрмен Рысбайұлы.

Кенесті қорытындылаған өңір басшысы күн тәртібіндегі мәселе бойынша сала басшылары мен ауылдық округ әкімдеріне бірқатар тапсырма берді.

– Инженерлік инфрақұрылым тартылып, құрылыс басталғанымен, бірқатар елді мекенде пайдаланылмай жатқан жер телімдерінің үлесі әлі де жоғары екені байқалады.

Бұл – біз үшін маңызды индикатор. Мемлекет тарапынан қаншама қаражат бөлініп, инфрақұрылым жүргізілді. Ендігі міндет – бұл аумақтардың тиімді әрі мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз ету. Сондықтан ауылдық округ әкімдері берілген жер телімдеріне тұрақты мониторинг жүргізіп, мерзімі өткен немесе бос жатқан учаскелерді кері қайтарып, кезекте тұрған азаматтарға әділетті түрде үлестіру жұмысын күшейтуі тиіс.

Сондай-ақ, инфрақұрылым нысандарындағы ақаулар мен техникалық ақаулар бойынша әзірленген сметалық құжаттар тиісті сала басшыларының тұрақты бақылауында болуы қажет.

Біздің басты мақсатымыз – халықтың баспана мәселесін шешіп, ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыру. Әрбір берілген жер телімі – бұл болашақ шаңырақ, болашақ өмір. Осы бағыттағы жұмыс жүйелі әрі нақты нәтиже беретіндей ұйымдастырылуы тиіс, – деді Ерлан Қыдыралыұлы.

ЖҰБАН МОЛДАҒАЛИЕВТІҢ ТУҒАНЫНА – 105 ЖЫЛ



Жұбан есімі қоғамдық қызметімен де көпке таныс еді. Ол ұзақ жылдар Қазақстан баспасөз орындарында (газет-журналдар редакцияларында) басшылық қызметтер атқарды. Республика Жазушылары одағын басқарды (екінші, бірінші хатшы болып). КСРО Жазушылары одағы басқармасының хатшылығы құрамына кірді. Азия-Африка Жазушылары қауымдастығын ұйымдастыру мен оның басшылығында жүргізген жұмыстары да ақынның халықаралық шығармашылық байланысты ұлғайтуға сіңірген еңбегі есебінде көпке танымал. Жұбанның бұл саладағы қызметі мен талантын сол кездегі кеңестік мемлекеттік, партиялық басшылық та танып бағалады. Ол бірнеше рет Жоғарғы кеңес депутаты, Орталық партия комитетіне мүше болып сайланды. Одақтың Ленин және мемлекеттік сыйлықтар комитетіне мүше болды.

Булдарга акынның азаматтық, ұлтжандылық касиеттері қазақ халқы тарапынан үлкен құрметке ие болғанын көрсек, оның есімі мен ақындығының кең тарауы себебін түсінуге әбден болады. Ол ұлт ақыны есебінде өзінің туған халқын шексіз сүйді. Оны одақ-көлемінде ғана емес, әлем алдында танытуға бар таланты мен күш-қуаты жұмсалды. Қазақ халқы өткен тарихтың жар да қатерлі жолын көркем бейнелеп, ұлт тағдырының қалыптасуын зор шеберлікпен бейнеледі. Бұл тұрғыда басқа шығармаларын тізбелемей-ақ, бір «Мен – қазақпын» поэмасын еске алсақ та жеткілікті. Ұлтжандылық сезім оның бүкіл шығармашылық өмірін айғақтады. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі тұсында Жұбанның Колбин алдында сөйлеген сөзі сол халқын сүйген азаматтың ақындық сыры, ол үшін жанын отқа салған батырлық жүрегі сияқты. Кеңес акыны боп күрмет көріп жүрген Жұбан қазақ жастарының ұлтын сүйгені үшін жеген таығына қатты жабырленіп сүйеледі. Сол үшін «қазақ ұлтшылдығы» дегенді ойлап тапқан отаршылдық саясаты айыптады. Оның «Аланда қыздарымның шашын жұлып, ұлдарымды дубинкамен бастан ұрып, алан қызыл ала қаңға боғлағанын көргенде, мен – Ұлы Отан соғысының ардагері, окопта мұз төсеніп, қазақстанған карт солдат, мына сорақы сұмдықты көзіммен көргенше, сол қанды майданда неге қаза тауып, мәңгі қайтпай қалмадым деп, осы күнді көргеніме өкіндім» деген сөзінде аңсаған арманың алдамшы болып шыққанына күйіну де, қайғыру да бар еді. Соны тудырған жағдайларды, бағынушы мен бағындырушының ара жігін ол анық көрді, психологиясын таныды. Соның жан азабын тартты. Одан кейін өзі де ұзақ өмір сүре алған жоқ, 1988 жылғы өмірден озды. Заманына, қоғамына үміт артып алданғанын көрген ер азаматтың ызадан күйіп кеткенін қорқат.

Жұбан қазақ каламгерлерінің Ұлы Тоған соғысы тұсында келген ұрпағының аса ірі, талантты өкілі еді. Оның ұрпағы (Х.Ергалиев, С.Моленов, Т.Ахтанов, Ә.Нұрпейісов, М.Әзімбаев, С.Сейітов, т.б.) акындық, жазушылық талантын ұрыс майданында, соғыстың қатыгес шыңдығы жағдайында бастап, азаматтық, намыс, кек, ел, туған жер сағынышы сияқты сезім күйлеріне қайрап шынықтырып оралды. Сондықтан олардың өлең-жырлары, бүкіл шығармашылығы ерлікке, Тоған сүюшілік сезімге, жеңіске деген қалтқысыз сенімге толы келетін. Туған елге, ата-анаға, жар мен балаға деген сағыныш сезімі олардың лирикалық жырларын отызыншы жылдардың патетикалық сарынынан саналы түрде бой тартуға итермелеп, шынайы көңіл күйінің сырын кенірек ашуға көл салды. Бұл ерекшеліктер Жұбанның алғашқы жинағы «Жеңіс жырларынан»-ақ (1949) танылатын. Осыдан бастап қазақ оқырмандарына өзінің акындық талантын мойындатқан Жұбан үлтірің сөз өнеріне қырық жылдай өмір арнады. Лирик және эпик акын есебінде, жалынды публицистік, әдебиетісінің көркемдік ұйымдастырушысы

НАФИЗ ҚАЗАҚ

Жұбан Молдағалиевтің сімі қалың қазақ оқырманына кеңінен таныс. Оның жеке жинақтары мен таңдамалы туындылары Қазақстанда елуден астам кітап болып басылды. Үш томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Кітаптары орыс тіліне аударылып, Алматы мен Мәскеуде бірнеше рет жарияланды. «Художественная литература» деп аталатын одақтық үлкен баспада екі томдықтары жарық көрді. Жекелеген шығармалары Кеңестік республикалар мен сырт шет елдер тілдеріне аударылды. Оның өлең-поэмалары КСРО және Қазақстан мемлекеттік сыйлығына ие болды. Мұның бәрі ақын оқырмандарының қатарын көбейтіп, Жұбан есімін кең көлемде әйгіледі.



қатарында кең танылды. Ол елінің тәуелсіздік алғанын көре алмай кетті. Бірақ елін, ұлтын сүйген ақынның ұлы жүрегі қазақ деп соққанын оның жырларынан танымыз. Өзгерген заман кешіуінен өтіп, қайта қаралып жатқан бағаланып жатқан мәдени мұра ішінде өз дәуірінің ғалымдары, сырларына бой алдырмай, адамзат рухын, қазақ халқының өмірі мен ой-сезімін шынайы суреттеген Жұбан шырғармалары өзінің бағасын төмен түсірген жоқ. Биыл Жұбан жүз бес жасқа толған күні мұны айту – әр көңілге жұбаныш, әрі оның аруағы алдындағы борышымыз, ақын аты үшін де зор абырой.

Қай дәуірде болса да, ақын – өз заманының қызметкері. Жұбан да өз заманының, кешегі кеңес кезінің шыңдығын жырлады. Өз замандастары тәрзін оның да шығармалары ішінде нақаншылықтан туған өлender кездесетіні жасырын емес. Алайда ол заман мен адам проблемасын зерттеуде үлкен ақындық толғаныстар жасай алды. Өмір шыңдығын терең түсініп, адамгершілік, адамдығын құндылықтарды зор бағалады. Оның өлең-поэмалары заманның биік пафосына құрылып, ақындық желпініспен адамдық рухты жоғарылығын паш етті. Адам табиғатының ығли да жақсылықты айдан күтетінін, келешекке үмітпен қарайтынын ескерсек, шыңдықты ақындық қиялмен, көтеріңкі көңілмен биік талғаммен суреттеген Жұбан жырлары түсіну қиын емес. Ол өз заманын жанаша танып, оны алдыңғы кезең суреттерімен салыстыра қарады. Ең бастысы, ол сол заман шыңдығын жанартып жатқан Адамды биіктерден, орны жанаша бағамдады, тың образдармен бейнеледі, оның туған даласын «қыранның қанатына» мінген қыран дала бейнесінде тануы – осы ұғымның көрінісі.

Жұбанның лирикалық өлеңдері адам сезімінің әр алуан күйін бейнелейді. Ол өз сезімі арқылы жалпы адамды сүю, құрмет тұту, ардақтау жарын, анасын, Отанын сүю дегеннің не екенін нақты жырлады. «Аққуың аспаннан емес, жер бетінен» іздеді! Өмірге «ғашық көзбен» қарады. Талай тарихты бастан кешкен «Қазак әйелінің мінезіне қайран қалың», оның жарлық, аналық қызметін жоғары қойды. Қазақ әйелін дүниенің бар салмағын көтерген қара жерге ғана теңестірді. Ол отандастарын орыс қазақ деп бөлген жоқ, бәрін тең санады, бәрине «жолдас» деп қарады. Жұбанның:

Елімде еркек, әйел, кәрі мен жас,

Министр, колхозшы, ақын –

Жолдаспыз – ойымыз бір

жолдастыз ынымыз бір,
жанымыз бір
Төскейде мал, төсекте бас аралас.

Сүйеімін сол үшін де жолдасымды,
Жолына арнай алам өз басымды,
Жолдастан басқа атак керек емес,
Мысалы, «мистер», «сұлтан».

«мырза» сынды, – деген жолдары
соңғы жылдары ылғи да менің
есімнен шықпайды. Бүгінгі сәлт
өзгергеніне қарамастан, бұл өлең
актуалдығын жоймайтын сияқты.
Әсіресе, біз тәрізді қарттар үшін.
Заман күшпен таңған «мырза»,
«ханым» деген сөздерден мен өз
басым жақындық, жылылық сезе
алмаймын. Олар адамды адамға
жақындатпай, ресми қатынастың
шынберінен шығармай ұстайды.

Жұбан жылраған «жолдас» деген
сөзге қаншама жылылық, адамдарды
бір-бірімен жақындастыратын күш
бар. Өлеңнің өлмейтін идеясы,
оқырман ойына, сезіміне әсер етер
күш де осында деп білемін.

Заман туралы толганыс, оның өткені мен бүгінгісіне, болашағына, көз жіберу Жұбан өлеңдері мен поэмаларының негізгі пафосын белгілейді. Ол «Уақыт», «Жол туралы аңыз», «Айттым сәлем», «Қиял қанаты», «Мереке дастарканы» туындыларынан басталып, «Мен – қазақпын» атты атақты поэмасына ұласты. Бұл шығарма, кім-кімнің бойында болса да ел сүю, жер сүю, туған халқын сүю, бүкіл отаншылдық сезімді қозғайды. Осы поэтикалық толғауын ол Қазақ тарихына терең барлау жасау арқылы үлкен суретке айналдырады, ақындық биік ойды жинақтау құдіретімен шешеді. Мұнда Глиньстин дала тарихын терең барлаған жырларының да, оны өзіне рухани күштегі білген Қасым өлеңдерінің де рухы сақталған.

Жүрегім, жырым сенікі,
Кенесті далам, кең далам.
Ең далам – анам, мен – балаң,
Ендеше калам бер маған, – деп
Илияс тарихты тереңнен қозғап,
желіне айтса, Қасым ақын:

Қазақстан дейтін менің бар елім,
Жатыр алып жарты дүние әлемін.
Бұл далада атам қолға ту алған,
Бұл даланы анам жаспен суарған.
Бұл далаға жылап келіп уңғам,
Бұл даланы көріп алғаш қуңғам.
Бұл далада өскен жанда жоқ арман,
– деп шабыттана шамырқанғанын
білеміз.

Жұбан халық тарихы оқиғаларын қазақ характерінің қалыптасу жолын көрсету үшін пайдаланады. Сол арқылы «Мың өліп, мың тірілген» халықтың жасампаздық рухын, оның басынан кешкен азапты өмірін, жыласа күн тұтылғандай, күлсе түн түрілгендей шын сезімін шабыттана жырлады.

Ат үстінде ұмыттым кедейлікті,

Ат үстінде өлсем де шатпын дедім.
...Қарсыласпай өлмедім,
кантатырдым,

Құлап қалсам атымнан,

Сансыз басты диюдай сан тіріліп,
«Мен қазақпын» дегенді айта
дым, – деген жолдарда ер қазақтың
дәуінгерлік жолы жатыр. Ол
уәселсіздік үшін болған күрестерде
осы характерін таныта біледі.
Осы қазақтың ұзақ азапты кешіп
үшін өлімге мойын ұсынбаған қайсар
незінен, өмір сүйгіштігінен деп
неді. Поэмаңыз табысы оның бүкіл
ғарызы жүйесі мен ойлы, тапқыр
інілілігінде және шұрайлы тілінде.
Оның суреттері жарқын. Ақын аз сөзге
п мағына сыйғызып, үлкен тарихтың
арын ашты.

«Мен — қазақпынның» жазылуының ішіндегі ақынның үлкен азаматтық ерлігі. Ол 1964 жылы «жылымықтан» кейін партиялық бақылаудың салдарынан босансаңған тұсында, бірақ әлі режимнің күшінде тұрған кезінде жазылды. Ол жылдар Қазақстанда заң мәртептерінің жабылып, ұлттық тарихи елсіреп, ата қоныста келімсектердің саны көбейіп, қазақтардың туған жерінде 29% ғана болып қалғаны айтылса болатын. «Қазақпын» деуге ұмтысқанатын, оны қорлық санайтын бір жылдар болды. Жұбан осы ұмтылудың қарсы күрес үшін «Мен — қазақпын» поэмасы арқылы барша ұсымымен жеткізе жария етті. Бұл ұмтысыздыққа бет бұрып, «бірыңғай нес қалқы» деген ұғымды таратқан елде коммунизм бағдарламасына қарсы наразылық еді. Бүгін «Мен — қазақпын» бүкіл қазақтың аузында, елдің намысын жанитын, жанын татытын тәуелсіздіктің сөзі болып шығып тұр.

Ерлік деген адам басында, мейлі ол аны болсын, батыр болсын, күнде туған армейді. Батырлық ел тарихының ең қызық шешуші кезеңдерінде жасалады. Социалистік коммунистік режимге наразылық таңда айттыла берген жоқ, оның ұлт-азаттығын тиген бір тұсында айтылды. Мен қазақпын – осының көрінісі. Кейін «Хатшыға хат» атты өлеңімнен құбан оны тағы қайталады. Тағы да оның қандықтың бетіне жасқанбай қарады. Ол да коммунистік тоталитарлық жүйеге сын еді. Кейін ақын осы жүйенің Желтоқсан көтерілісі тұсында айтылағаны тағы белгілі.

Жұбан алаңтының күші тек
жыл лирико-публицистикалық
поэмада ғана емес, эпикалық
қисса поэмаларынан да танылады.
«Қыр туралы жыр», «Жесір тағдыры»,
«Сел» сияқты поэмаларды ол аса бір
ірік суреткерлікпен жазды. Алғашқы
еңбегінде ақын Ұлы Отан соғысы
кезеңінде жау қолына түсіп, ондағы
фашистерге қарсы жұмсай
тын татар ақыны Мұса Жалилдінің
сөз рухын, отаншылдықтың үлгісін
өзінен ерлікті суреттесе, кешінін
адамгершілікпен қазақ бастан көшіні

ауырталпықты кайсарлыкпен арқалап
шыйқан Айша атты жесір ананың
бейнесін жасады. Бұл поэмаларда
заман, өмір суреттері кең қамтылып,
басты кейіпкерлер тағдыры сол
оқиғалар легінде ашылады. Екі поэма
да тарихи шындыққа сүйенген. «Сел
де сондай. Ол 1973 жылы Алматыда»
Мелеу шатқалында болған сел апаты
оқиғалары, арқылы табиғаттың
дүлей күшімен алысып жеген,
«Тасқына таумен бөгіп тұрғызған»
адам рухының бітігітін көрсетуге
құрылды. Салыстырмалы суреттер
арқылы берілетін есі Алматыдағы
тасқын мен жаңа апаттың көріністері –
ақынның суреткерлік жолындағы
ірі табысына қосылады. Жаусаған
қанқандай қала, жайраған бау-бақтар,
шашылған алмалар, арқандай
үзілген арықтар, талқандай түйілген
кіріпшірт тасқының бұрынғы күйін
елестетсе, жаңа тасқын күш тым
үрейлі суреттерге толы. Ақын оны
«бұралаңдап, шұбалаңдап, ирелендеп,
сүйрелендеп, күріріп, дүрікіріп
жоғарыдан құлап келе жатқан
мын-мың айдаһардың» қаһарымен
тенестіреді. Үйдей тасты ырғытып,
«Сікыршының шарындай қапқақыл
қып келе жатқан» күштің қаһары аса
қорқынышты. Оны тоқтатқан адам
күші – ақын замандастарының тасқын
күші екенін көресін. Бұл арқылы
Жұбан бірі – қиратушы, бүлікші,
екіншісі – тоқтатушы, жөндеуші,
құрылысшы – екі күштің тартысын
үлкен суреткерлікпен таныта білді.

Жұбанның осындай еңбегі одақ көлемінде ерте-ақ танылып бағасын алды. 60-70 жылдар Кеңес қаламгерлерінің жаңа буынының қабырғасын қатайтып, кең таныла бастаған тұсы болатын. Коммунистік режим де олардың ішінен талантты топты іріктеп, көз алдына ұстауға тырысты. Әсіресе, ұлт жазушылары назарда болды. Шыңғыс Айтматов, Давид Кугультинов, Расул Гамзатов, Қайсын Кулиев, Мұстай Каримдер осы кезде шықты. Партия оларға Социалистік Еңбек ері атағын да, Одақтық парламенттің депутаттығын да берді. Таланты мен Жазушылар одағы басшылығындағы қызметі осылардың ешқайсынан кем болмаса да, Жұбан бұл тізімнен көріне алмады. Осылардың қатарында жүруге ол әбден лайық еді.

Қазаққа құдай талантты көп берген
ғой. Көптің бағасы бола ма? Соларды
біртіндеп жүдетіп тауыстық. Ағаш
Ахмет, Міржақып, Әлихан, Мағжан,
Жүсіпбектер ұсталды. Келесі кезекте
Сәкен, Бейімбет, Ілиястар кетті.
Мұхтар үнемі аңдула, құдалауда
болды. Сәбит, Ғабит, Ғабиден, Әбділла,
Қасымдар үнемі сын астында жүрді.
Осы қылықтарымыздың жақсымызды
жалтыратып алға шығара алмадық.
Жұбан да, басқа да оның ағалары мен
құрылылары осындай күйді басынан
кешті.

Жұбанның адамдық, адалдық, адамгершілігі мол ірі тұлғасы осындай жағдайда қалыптасты. Ол шығармашылығына ғана сенді. Шын көңілден, шынайы сезімнен туған, адам рухын биіктететін кітаптар жазды. Оның табиғаты таза еді. Жасында да, біз көрген әдебиетке келген алғашқы жылдарында да қаншама қиыншылық көрсе де, ол ешкімге салмақ салып, тіленген адам емес. Өзіне, өз күшіне, еңбегіне сүйенді. Ол рушылдық, жершілдік деген аурудан таза жігіт еді. Маңына топ жинамайтын, топ құрушыларды ұнатпайтын. Кейбір жерлестерінің осындай пиғылын көріп, ренжігенінің, олармен қатынасын үзіп кеткенінің мен талай күзсі болған адамын. Баспасөзден мен кейде оған өкпелі жігіттердің Жұбанды кіші жүздіктердің тобына қосқан мақалаларын оқып қаламын. Ол – бекершілік, Жұбанды білмейтін адамдардың сөзі. Жұбанның осы адалдығын жазушылар қауымы ерекше бағалады. Ағалары – Сәбит, Ғабит, Ғабиден, Әбділда, тағы басқалары оны қатты сыйлады, бірге сенісіп қызмет атқарды.

Бар қазақ Жұбанына сенбеп пе еді,
Ақынын пайғамбардай
көрмеп пе еді?!

Есінен туған елдің шығар қалай,
Жырымен жас ұрпағын тербеткені,
— деп жазды Әбділла ақын

Қазір лауазым бітсе, көкірі шыға келетін мінез шықты ғой. Ол кезде мұндай мінез тым ерсі көрінетін. Үлкен атағы, беделі бола жүріп, Жұбан өзінің кішіпейілдігінен, қарапайымдылығынан өзгерген емес. Жаны да жомарт болатын. Оның үйінің дастарханы да жылыған жоқ. Оны ағалары да, інілері де, алыс-жақыннан келетін қонақтар да толтырып отыратын. Қазақтар дастарханғы қашан да бірлікке жайылған ғой. Басшылықта болған адамның есігінің ашық болатын дәстүрін, кешегі ағаларының жолын ол әлемі жалғастыра білді. Сөйтіп Жұбанның үлкен ақындық жүрегі мен азаматтық кендігі бірін бірі толтықтырды.

Жұбанды білетін де, оның еңбектерін оқыған адамдар да рухы биік ақынын ұмытпақ емес.

**Серік ҚИРАБАЕВ,
ҚР ҰҒА академигі.**

